

Ошан Ж. 

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан*  
*E-mail: zhan918@mail.ru*

## **XVIII-XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙ КАРТАЛАРЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН ІЛЕНІҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ЖЕР АТТАРЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақала Іле өзенінің оңтүстігіндегі қазақ даласының топонимдерін зерттеуге арналған, өйткені олар XVIII-XIX ғасырлардағы қытай карталарында ұсынылған. Зерттеу белгілі бір уақыт аралығында Қытай картографтары жасаған тарихи карталарда осы аймақтың географиялық атауларын анықтауға және талдауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты Қытайдың тарихи карталарында ұсынылған Іле оңтүстігіндегі қазақ даласының топонимиясын анықтау және түсіндіру болып табылады. Мақала авторлары XVIII-XIX ғасырлардағы аймақтың топонимикасындағы эволюция мен өзгерістерді анықтау үшін карталарды, атластарды және нұсқаулықтарды қоса алғанда, әртүрлі карта көздерін талдайды. Зерттеу әдістемесі геоақпараттық талдаудың заманауи әдістерін және топонимияны талдаудың лингвистикалық тәсілдерін қолдана отырып, тарихи картографиялық материалдарды кешенді талдауға негізделген. Авторлар әртүрлі карталардағы жер атауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, сондай-ақ олардың саяси өзгерістер, мәдени байланыстар және тілдердің өзгеруі сияқты ықтимал себептерін ескереді. Зерттеу нәтижелері осы аймақтағы тарихи процестерді түсіну үшін, сондай-ақ қазақ даласының мәдени-географиялық ортасы мен тарихи мұрасы туралы ғылыми білімді кеңейту үшін пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу сонымен қатар белгілі бір аймақтың мәдени және географиялық ерекшеліктері мен олардың тарихи карталардағы көрінісі арасындағы байланысты жақсы түсінуге ықпал етуі мүмкін.

**Кілт сөздері:** Орталық Азия, қытай жазба деректері, карта, тарихи география.

### **Кіріспе**

Қытай жазба деректеріндегі Қазақстан мен Орталық Азия туралы мәліметтер беру мүмкіндігі қытайда билік еткен моңғолдардың Юань империясының құлауымен бірге біртіндеп тоқырауға бет алды. Юань империясының орнында құрылған Мин династиясының шекарасы этникалық ханьдер қоныстанған шын мәніндегі Қытай жері аумағымен шектеліп тұрды. Елдің батыс солтүстік шекарасы Цзяюйгуан қамалынан батысқа анда-мұнда ғана озып шыққанмен, артынша әуелгі өрісімен қайда шектеліп қалып отырды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

XVIII-XIX ғасырлардағы қытай карталарында ұсынылған Іле өзенінің оңтүстігіндегі қазақ даласының топонимдерін зерттеу әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Міне, олардың бірнешеуі:

Тарихи дереккөздерді талдау: зерттеудің бастапқы әдісі көрсетілген уақыт кезеңінде қазақ даласының топонимдері туралы мәліметтерді қамтитын тарихи құжаттарды, карталарды, нұсқаулықтарды және басқа да дереккөздерді талдаудан тұрады. Бұл қытайлық картографиялық жұмыстар, саяхатшылардың жазбалары, географиялық трактаттар және т. б. болуы мүмкін.

Картографиялық талдау: топонимдерді және олардың карталарда орналасуын анықтау үшін сол кездегі картографиялық материалдарды пайдалану. Бұл әртүрлі карталарды

салыстырмалы талдауды және уақыт өте келе жер атауларының атаулары мен географиялық орналасуындағы өзгерістерді анықтауды қамтиды.

Лингвистикалық талдау: топонимдердің лингвистикалық ерекшеліктерін және олардың қазақ тіліне немесе өңірдің басқа тілдеріне сәйкестігін зерттеу. Бұл сөздердің шығу тегін, жергілікті диалектілерді және топонимдерге қатысты мәдени аспектілерді талдауды қамтуы мүмкін.

Археологиялық олжаларды зерттеу: археологиялық деректерді, соның ішінде артефактілерді, археологиялық нысандарды және жергілікті тұрғындардың олжаларын тарихи контексте аталған аймақта белгілі бір топонимдердің болуын растау немесе жоққа шығару үшін зерттеу.

Мәдени-тарихи талдау: XVIII-XIX ғасырлардағы Қытай карталарындағы топонимдердің мағынасы мен мағынасын түсіну үшін аймақ халқының тарихи оқиғаларын, мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін зерттеу.

Осы әдістердің үйлесімі өзеннің оңтүстігіндегі қазақ даласының топонимдерін немесе көрсетілген уақыт кезеңінің Қытай карталарын неғұрлым толық және терең зерттеуге мүмкіндік береді.

### Талқылау

Бұл тақырып әлі де аз зерттелген және қосымша зерттеуді қажет етеді. Соңғы жылдары аймақтың тарихи картографиялық материалдарына деген қызығушылық артып келе жатқанына қарамастан, XVIII-XIX ғасырлардағы қытай карталарында қазақ даласының топонимдерін егжей-тегжейлі зерттеу шектеулі болып қала береді. Қазіргі уақытта тек шектеулі зерттеу көздері, соның ішінде тарихи карталар, мұрағаттық жазбалар және жеке зерттеушілердің жұмыстары қол жетімді. Алайда, қытай карталарындағы топонимдерді олардың тарихи, мәдени және геосаяси маңыздылығы тұрғысынан жүйелі және жан-жақты талдау әлі жеткілікті түрде жүргізілген жоқ. Тақырыпты тереңірек зерттеу үшін мұрағаттық материалдарды талдауды, лингвистикалық және мәдени-тарихи зерттеулерді, сондай-ақ сол кездегі басқа көздермен және картографиялық материалдармен салыстырмалы талдауды қамтитын қосымша зерттеулер қажет. Осылайша, "өзеннің оңтүстігіндегі қазақ даласының топонимдері немесе XVIII-XIX ғасырлардағы қытай карталарында" тақырыбы өзекті болып қала береді және одан әрі зерттеу мен зерттеу үшін қызығушылық тудырады деп айтуға болады.

### Зерттеу нәтижелері

1644 жылы қытайда этностық мәнжурлердің Цин патшалығы орнап өз билігін жүргізе бастады. Осыдан сәл бұрын, нақтап айтар болсақ 1633 жыл Батыр хонтайжы (Эрдени Батур хунтайджи) Жоңғар хандығын орнатып, хандықтың алғашқы билеушісі болды. Қуатты Жоңғар хандығының сақталуы Цин патшалығы ықпалының Қазақстан мен Орта Азияға қарай жылжуына ешқандай мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты Қытай деректемелерінде Қазақстан мен Орта Азияға қатысты мәліметтер тым сирек болды. Аздаған деректерді олар Жоңғар хандығынан, батыс деректерінен немесе жекелеген елшілердің аузынан жазып қалдырып отырды. Сөйтіп, Цин патшалығының аталған кезеңдегі Қазақстан мен Орта Азия туралы танымы Моңғол дәуірінде қалыптасқан тарихи географиялық біліммен ғана шектеліп қалды. Кейде тіпті ғұн немесе түркі дәуірінде жазылған тарихи еңбектегі мазмұндар бойынша баяндалды. Цин династиясы дәуіріндегі авторлар көп уақыт бойы Қазақ хандығын Сыма Цян, Бань Гу қатарлылар жазған антикалық шығармаларда айтылатын «Давань мемлекеті» ретінде көрсетті. Мұндай жағдай аталған кезеңде қытайлардың Қазақстан мен Орта Азияның тарихы туралы өте аз білегіндігінің нақты көрінісі саналады. Сөйтіп, Цинь патшалығы дәуіріндегі Қазақ хандығына, оның жер-суы мен тарихына қатысты нақты

деректер кешені Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін ғана қалыптаса бастады. XVIII ғасырдың 50 жылдарында Жоңғар хандығының ресми жойылуы қазақтарды өздеріне мүлде бейтаныс «шүршіт» деген жат жұрттықтармен көрші етті. Шүршіттер де өздері «қазақ» деген атын ғана естіп келген елмен жақын таныса түсті. Сөйтіп дәл осы тұстан бастап олар қазақтарға қатысты әр түрлі мәліметтерді жазып қалдыра бастады.

Осындай деректер кешенінің бір бөлігі тарихи карталар саналады. Цин империясы дәуіріндегі Қазақстан тарихы туралы алғашқы мәлімет сақталған тарихи карта ретінде Қытайда барған фламандтық иезуит миссионер Фердинанд Вербист (*қытайша аты: Нань Хуайжэнь*) 1674 жылы салған картаны атауға болады. Қытайша «Кунь юй цуань ту» деп аталған бұл карта қытай тарихындағы алғашқы әлем картасы саналады. Картада Орталық Азияның тарихи жер-су атаулары сақталған. Аталған картаның салынған кезі әрине Цин патшалығының қазақтарды әлі толық танымайтын кезіне жатады. Соған қарамастан «Қазақ» атауы алғаш осы картада кездеседі[1].

Аталған картаның бір нұсқасы Тайвандағы Гугун мемлекеттік мұражайында, тағы бір нұсқасы ҚХР Хэбэй провинциясындағы Хэбэй университетінде сақтаулы. Бұдан тыс ҚХР жарық көрген карталар жинағынан енгізілген[2].

Қазақ тарихы мен тарихи географиясынан маңызды деректер беретін тарихи еңбек ретінде Цин империясының мәнжу шенеунігі және дипломаты болған Тулишеннің «И юй лу» // «*異域录*» («Шет елдер туралы жазбалар») атты еңбегін атауға болады[2]. 1712 жылы император Канси патша шенеунігі Тулишенді Еділ қалмақтарының ханы Аюке ханға елшілікке аттандырады. Тулишен 1714 жылы Қалмақияға жетіп дипломатиялық миссиясын аяқтап, 1715 жылы Пекинге оралады. Ол Моңғолия арқылы Қазақ даласына өткеннен кейін Ертісті бойлап, одан әрі Еділ қалмақтарына барып қайтқан. «И юй лу» («Шет елдер туралы жазбалар») оның осы сапарда көрген-білгендерін мазмұн еткен. Бұл кітап алғаш рет 1723 жылы жарық көрді. Ол XVIII ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихи географиясын зерттеудегі өте құнды материал саналады. Еңбек жазба мәтін және карталар сынды екі түрлі мазмұнды қамтиды. Карталар бөліміндегі жер-су аттары қытай және мәнжу екі тілде жазылған. Жер атауларының мәнжуше жазылуы тарихи жер аттарын дәл тануға орасан зор көмек береді.

Бұл картада: Алтай, Алакэ шан (Алатау), Тобол, Жайсаң көлі, Ертіс, Жайық, Саратау (Саратов), Қазақ, Цебан Рабдан деген жер атаулары жазылған.

Орта Азия мен Қазақстан туралы мәліметтер беретін қытай карталарының ең бастылары «Император Канси картасы», «Юнчжэн ши пай ту» («Император Юнчжэннің 10 қатарлы картасы») және «Цяньлун шисань пай ту» («Император Цянь Луннің 13 қатарлы картасы») деген үш картаны атауға болады[3].

Бірінші карта Император Кансидің жарлығы бойынша батыстық миссионерлер салған ендік пен бойлық торы бар соңғы үлгідегі карта. Бұл карта 1708-1718 жылдары салынды. Ол кезде Жоңғар хандығы әлі Цин патшалығына кірмегендіктен, Шыңжаңға және оған қанаттас өлкелерді картаға толық түсіру мүмкін болмады.

«Юнчжэн ши пай ту» («Император Юнчжэннің 10 қатарлы картасы») деп аталған келесі карта 1725 жылы салынды. Оның қамтыған көлемі алдыңғы картаға қарағанда ауқымды болды. Қазақ даласының жер-су атаулары көптеп кіргізілді.

Осы үш картаның ішіндегі «Цяньлун шисань пай ту» («Император Цяньлуннің 13 қатарлы картасы») делінген үшінші карта 1775 жылы жарық көрді. Бұл карта алдыңғы екі карта негізінде салынғанмен, көптеген тың мазмұндармен толықты. Картада Қазақ даласы ауқымды түрде қамтылып, көптеген жерлер картаға енгізілді.

Сурет-1. Тулишеннің «И юй лу» кітабындағы картаның бір бөлігі



Дегенмен бұл картада көрсетілген жер атауларын зерттеу аса күрделі жұмыс саналады. Оларды анықтап түбегейлі ғылыми шешім шығару кешенді зерттеуді қажет етеді. Төменде біз мақаланың көлемін ескере отырып аталған картаның Қазақстан аумағына, соның ішінде Іленің оң жағалауындағы біраз жер атауларын кесте түрінде көрсетіп отырмыз. Бұл жер атауларының біразы қазіргі жер атауларымен сәйкес келеді, алайда қазіргі бар жер-су аттарына сәйкеспейді.

**Нәтиже**

Таблица 1. Картада көрсетілген Іленің оң жағалауындағы кей жер атаулары


Қытайш асы	Қытайша пинин транскрипциясы	Қазақша тыранскрипциясы	Қазақша атауы	ескер тпелер
托博和 图阿林	Tuo bo he tu alin	Тобохэту алин	Тобокты тауы?	阿林(Алинь) Мәнжу ше тау
雅尔冈 图阿林	Ya er gang tu alin	Я-эрганту алин	Я-эрганту тауы?	
沙达图 达巴汉	Shada tu da bahan	Шадату дабахан	Шадату шыңы?	Дабакхан

				(«达巴汉») моңғолия – «асу», «бел» т.б.
萨里阿林	Sa li alin	Сали алин	Сары тау	
库古里克阿林	Ku guli ke alin	Кугуликэ алин	Көгүлік жотасы	
塔尔锡克	Ta er xi ke	Та-эршике		
布喀达巴汉	Bu kada bahan	Бука дабахан	Бұғы тау	
纳林必拉	Na lin bila	Налин била	Нарын өзені	
古尔班萨里必拉	Gu er ban sa li bila	Гуэрбан Сали била	Үш Сары өзені	
撤勒克必拉	Che le ke bila	Чэлэкэ била	Чілік өзені	
塔拉图布拉克	Ta latu bu lake	Талату булакэ	Талату? бұлақ	
古尔班察扎	Gu er ban cha zha	Гуэрбан Чачжа	Үш Чажа	
鄂衣衮阿林	E yi gun Alin	Э-и гунь алин		
古尔班察布达尔必拉	Gu er ban cha bu da'er bila	Гуэрбан Чабудаэр	Үш Шабдар	
图尔根必拉	Tu er gen bila	Туэргэн била	Түрген өзені	
伊锡克图必拉	Yi xi ke tu bila	Исикэту била	Есік өзені	
塔尔噶尔必拉	Ta er ga er bila	Таэрга-эр била	Талғар өзені	
海布拉克	Hai bu lake	Хай булакэ	Қай бұлақ	
阿苏必拉	Asu bila	Асу била	Асы өзені	
阿苏达巴汉	Asu da bahan	Асу дабахань	Асы тауы	
谟尔根萨里阿林	Moergen sa li alin	Моэргэн сали алин	Морган (Мөрген) Сары тауы	
古尔班阿里玛图	Gu er ban Alimatu	Гуэрбань Алимату	Үш Алматы	
哈什克楞必拉	Ha shi ke leng bila	Хашикэлэн била	Қаскелең өзені	
察玛尔干	Cha ma er gan	Чамаэрган	Шамалған	
虧屯必拉	Kuitun bila	Куйтун била	Күйтін өзені	
库尔图达巴汉	Ku er tu da bahan	Куэрту дабахань	Күрті асуы (бел)	
库尔图必拉	Ku er tu da bila	Куэрту била	Күрті өзені	
哈什塔克达巴汉	Ha shi ta ke da bahan	Хашитакэ дабахан	Қастек асуы	

哈什塔克必拉	Ha shi ta ke da bila	Хашитакэ била	Қастек өзені	
哈拉洪古斯达巴汉	Ha lahong gu si da bahan	Халахонгусы дабахань	Қарақоңыз асуы	

Сурет 2. «Цяньлунь шисан пай ту» («Император Цяньлуннің 13 қатарлы картасы») картасының бір бөлігі

### «Цяньлун шисань пай ту» («Император Цяньлуннің 13 қатарлы картасы») картасының бір бөлігі



Цин патшалығы Жоңғарияны жаулап алғаннан кейін аймақтанулық еңбектер жазуды жедел қолға алды. Бұл еңбектердің көбі Сиюй, яғни Батыс аймақ тақырыбында жазылғанымен, мазмұны бұрынғы Жоңғария мен Қашғария аумағымен шектелген жоқ, Орта Азия және Қазақстанға қатысты мазмұнмен толықталып отырды. Сондай еңбектердің бірі Фу Хэн 1782 жылы жазған «Патша бекіткен патшалыққа қарасты Батыс өлкенің карталары мен сипаттамасы» атты еңбек Цин патшалығы тарихында батыс өлкенің тарихи-географиясы туралы құнды еңбек саналады. Шығарма мазмұнындағы қазақтар туралы мәліметтер кейбір арнаулы тараушаларда, шекараға қатысты тарауларда кездеседі. Еңбек мазмұны жазба мәтін және карта екі түрлі мазмұннан құралған. Карталардың бірі Тянь-Шан тауының солтүстігі,

Іленің батысы деген бөлігінде (天山北路图三 伊犁西路) еліміздің оңтүстік шығысындағы жерлері нақты көрсетілген[4].

Сурет 3. Еңбектегі Тянь-Шанның солтүстігі № 3-карта, Іленің батысы деген бөлігі



Картаның осы бөлігінде Шонжының нақты орны сол маңдағы жерлермен қоса көрсетілген. Еңбек мазмұнындағы жер-су аттарына қатысты жазған сипаттамалық жазбада «Шонжы» туралы мынадай нақты жазба мәліметті берген:

«Чүнжи, Іледен (Құлжа) оңтүстік батысқа қарай 300 ли (150 шақырым) жерде. Сол жерден оңтүстік батысқа қарай 60 ли (30 шақырым) жүргенде **Та му ха (Тамга?)** деген жер бар. Сол жерден оңтүстік батысқа тағы 100 ли (50 шақырым) жүргенде Тему-эр ли кэ (Темірлік). Одан оңтүстікке тағы 30 ли (15 шақырым) Гэгэнге (*Кеген*) жетесің. Одан (*Кегеннен*) оңтүстікке тағы 40 ли (20 шақырым) жүргенде Хутукэбай. Одан оңтүстікке қарай тағы 20 ли (10 шақырым) жүргенде Э-эр ху чжу эр (*Орқашар?*). Одан оңтүстікке тағы 40 ли жер жүргенде Ха-эр чи-ла (*Қарқара*). Тізбектелген таулар мен терең аңғарлар бар, онда карауылдар орнатылған. Бұл Іленің оңтүстік батыс жақ шекарасы еді. Одан әрі оңтүстікке жүріп таулардан асқанда хуэйбулардың (сарттардың) Сайламу шекарасына жетуге болады» деп көрсеткен[5].

Қытай карталары қатарында Юй ди цуаньту («**輿地全圖**» // Патшалықтың толық картасы) деген келесі бір карта бар. Карта АҚШ-ның Конгресс кітапханасы, география және карта бөлімі (Library of Congress, Geography and Map Division) сақтаулы. Картаның қашан салынғаны туралы уақыт көрсеткіші жазылмаған. Ғалымдар пайымдауынша 1799 жылдың алды-артында салынған деген пікір орныққан.

1842 жылы Линь Тяньжэнь қатарлы бірнеше адам салған «Патшалықтың толық картасы» («皇朝一統輿地全圖») деген карта да алдыңғы карталар негізінде салынған карта саналады. Бұл карта қазіргі кезде АҚШ Конгресс кітапханасы, география және карта бөлімінде (Library of Congress, Geography and Map Division) сақталған.

Қазақ жерінің картасы біршама кешенді көрсетілген тағы бір карта 1863 жылы салынған «Хуанчао чжунуай итун юйту» (Патшалықтың Әлем картасы) атты карта. Аталған еңбектің бір нұсқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитеті «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханасының сирек қорында сақтаулы тұр[6].

### Қорытынды

Аталған карта мазмұны жоғарыда айтылған карталарда жоқ мазмұндарды толықтырған. Ішінара жер атаулары жоғарыда аталған картадағы кейбір жер атауларын анықтауға мүмкіндік бере алады.

Сурет 4. «Патшалықтың толық картасы» деген картаның бір бөлігі



### Әдебиет

1. Цао Ванжу, Чжунго гудай диту цзи (Циндай), Вэньу чжубаньшэ, 1997 // Ежелгі Қытай карталары атласы (Цин династиясы), Мәдени жәдігерлер баспасы, 1997.
2. Тулишын, И юй лу сяочжу. Тайбэй, Вэньшичжэ чубаньшэ, 1983.
3. Ван Цзинжин мен Лю Руофан (чжэнли): Цин тин саньда ши цэцюань туцзи. Пекин: Вай вэнь чубаньшэ, 2007(Ван Цзинжин мен Лю Руофан (құрастырған): «Цин империясы дәуіріндегі толық өлшеп салынған үш картаның атласы». Пекин: Шетел тілдері баспасөзі, 2007).
4. Фу Хэн. Сиюй тучжи цзяочжу. Үрімжі, Шынжаң халық баспасы, 2002; Чунь Юань. Сиюй вэнь цзянь лу // Сычоу чжилу вэньсянь шияо цзи яо: Сиюй Вэньцзянь лу, ди и цзи. Синьцзян Үрімжі, 2016.



5. «Сиюй тучжи» («Батыс өлке қарталары мен сипаттамалары») түсініктемелер мен ескертпелер. Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2002ж. –223 бет // «西域图志校注», 钟兴麒, 王豪, 韩慧 校注. 新疆人民出版社, 2002 年.

6. «Хуанчао чжунуай итун юйту //皇朝中外一统舆图 (三十二卷) 胡林翼 严树森编清同治二年湖北抚署刻本1函12册 白纸 线装 (1863) // 1963 жылы Hubei Fufu кеңсесінің баспа нұсқасы (12 дәптер).

### References

1. Cao Vanzhu, CHzhungo gudaj ditu czi (Cindaj), Ven'u chubun'she, 1997 // Ezhelgi Kytaj kartalary atlasy (Cin dinastiyasy) [Atlas of ancient Chinese maps (Qing dynasty)], Mәdeni zhәdigerler baspasy, 1997. [in Chinese].

2. Tulishyn, I yuj lu syaochzhu. Tajbej, Ven'shichzhe chuban'she, 1983. [in Chinese].

3. Van Czinzhin men Lyu Ruofan (chzhenli): Cin tin san'da shi cecyuan' tuczi. Pekin: Vaj ven' chuban'she, 2007(Van Czinzhin men Lyu Ruofan (қырастырған): «Cin imperiyasy дәуіріндегі толық өлшеп салынған үш картаның atlasy». Pekin: SHetel tilderi baspasezi, 2007). [in Chinese].

4. Fu Hen. Siyuj tuchzhi cyaochzhu. Yrimzhi, SHynzhaң halyқ baspasy, 2002; CHun' YUan'. Siyuj ven' cзыan' lu // Sychou chzhilu ven'syan' shilyao czi yao: Siyuj Ven'cзыan' lu, di i czi. Sin'cзыan Yrimzhi, 2016. [in Chinese].

5. «Siyuj tuchzhi» («Batys өлке қарталары мен сипаттамалары») түсініктемелер мен ескертпелер [("Old people and characteristics of the Western Region") comments and notes]. Yrimzhi: Shynzhan halyқ baspasy, 2002zh. –223 бет // «西域图志校注», 钟兴麒, 王豪, 韩慧 校注. 新疆人民出版社, 2002 年. [in Chinese].

6. «Huanchao chzhunuaj itun yujtu //皇朝中外一统舆图 (三十二卷) 胡林翼 严树森编清同治二年湖北抚署刻本1函12册 白纸 线装 (1863) // 1963 zhyly Hubei Fufu kensesinin baspa nuskasy (12 дәптер). [in Chinese].

### Ошан Ж.

*Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: zhan918@mail.ru*

## ТОПОНИМЫ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ НА ЮГЕ ИЛЕ, ПРЕДСТАВЛЕННЫЕ НА КИТАЙСКИХ КАРТАХ XVIII-XIX ВЕКОВ

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию топонимов казахской степи на юге реки Иля, как они представлены на картах Китая XVIII-XIX веков. Исследование направлено на выявление и анализ географических наименований данного региона на исторических картах, созданных китайскими картографами в указанный период времени. Целью работы является идентификация и интерпретация топонимии казахской степи на юге Иля, представленной на исторических картах Китая. Авторы статьи анализируют различные карточные источники, включая карты, атласы и путеводители, чтобы выявить эволюцию и изменения в топонимии данного региона на протяжении XVIII-XIX веков. Методология исследования базируется на комплексном анализе исторических картографических материалов с использованием современных методов геоинформационного анализа и лингвистических подходов к анализу топонимии. Авторы учитывают сходства и различия в наименованиях местностей на различных картах, а также их возможные причины, такие как политические изменения, культурные контакты и трансформации языков. Результаты

исследования могут быть полезны для понимания исторических процессов в данном регионе, а также для расширения научного знания о культурно-географической среде и историческом наследии казахской степи. Исследование также может способствовать лучшему пониманию взаимосвязей между культурными и географическими особенностями данного региона и их отражением на исторических картах.

**Ключевые слова:** Центральная Азия, китайские письменные данные, карта, историческая география.

**Oshan Zh.**

*Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: zhan918@mail.ru*

### **TOPONYMS OF THE KAZAKH STEPPES IN THE SOUTH OF THE ILE, PRESENTED ON CHINESE MAPS OF THE XVIII-XIX CENTURIES**

**Abstract.** This article is devoted to the study of toponyms of the Kazakh steppe in the south of the Il River, as they are represented on maps of China of the XVIII-XIX centuries. The research is aimed at identifying and analyzing the geographical names of this region on historical maps created by Chinese cartographers during the specified time period. The aim of the work is to identify and interpret the toponymy of the Kazakh steppe in the south of the Il, represented on historical maps of China. The authors of the article analyze various card sources, including maps, atlases and guidebooks, in order to identify the evolution and changes in the toponymy of this region during the XVIII-XIX centuries. The research methodology is based on a comprehensive analysis of historical cartographic materials using modern methods of geoinformation analysis and linguistic approaches to the analysis of toponymy. The authors take into account the similarities and differences in the names of localities on various maps, as well as their possible causes, such as political changes, cultural contacts and language transformations. The results of the study can be useful for understanding historical processes in this region, as well as for expanding scientific knowledge about the cultural and geographical environment and the historical heritage of the Kazakh steppe. The study can also contribute to a better understanding of the interrelationships between the cultural and geographical features of a given region and their reflection on historical maps.

**Key words:** Central Asia, Chinese written data, map, historical geography.

Сведения об авторах:

Ошан Жанымхан, кандидат исторических наук, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Жанымхан Ошан, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Oshan Zhanymkhan, PhD in History, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology KN MNERO RK, Almaty, Kazakhstan.